

Белгісіздік мағына, ұғым тіл білімінде әлі де кеңірек зерттеуді қажет етеді. Себебі белгісіздік ұғымын «бір», «біреу» сияқты екі-үш сөз бен табыс септіктің жасырын түрімен ғана байланыстыру жеткіліксіз. Белгісіздік ұғымының тілдік табиғатын ашу үшін ең алдымен сөздерді мағыналық жағынан, яғни осы белгісіздік ұғымын білдіруі жағынан талдау жасау керек. Белгісіздік мағынаны барлық сөз таптарына қатысты да айқындауға болады деп есептейміз. Мысалы, зат есім болатын «ағаш» деген сөзде жалпылық, көптік ұғымдармен қатар, белгісіздік ұғым болса, сын есімнің заттанған түрінде ғана белгісіздік ұғым бар (Белсенділер алдыға шықты). Сан есімнің болжалды түрінде (екілер, бестер шамасы) белгісіздік мағына болса, бұл ұғым есімдіктің бірнеше түріне тән.

Жалпы алғанда бұл категория туралы мәселе жеке зерттеуді қажет етеді.

Тіл білімінде нөлдік тұлға ұғымы жайлы ғалымдар пікірлері, олардың нөлдік тұлғаға берген сипаттамасы, нөлдік тұлғаның семантикасы мен қолданыстағы көріну дәрежесі туралы ғылыми тұжырымдар, филолог-педагог мамандығының даярлайтын жоғары оқу орындарында жүргізілетін «Қазіргі қазақ тілі» ғылыми курсының грамматика саласына қатысты пәндердің дәріс, семинар, зертхана сабақтарымен қоса, студенттердің оқытушы басшылығымен өздері орындайтын жұмыстарында жүйелі түрде нақты деректер мен мысалдар арқылы дәлелді түрде ғылыми-теориялық тұрғыда меңгертілу тиіс. [3. 92-135 бб.]

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Исаев С. М. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы, «Рауан», 1998. – 302 б.
2. Омарова А. Қазақ тіліндегі нөлдік морфеманың функционалды және семантикалық аспектісі. Филол. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 2006. – 282 б.
3. А.Қалыбаева, Н.Оралбаева. Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1986. – 190 б.
4. Маулен Балақаев «Қазіргі қазақ тілі» оқулығы. – Алматы, 1961.
5. С.Аманжолов. Септік жалғауының қызметі: Қазақ тілі теориясының негіздері. – Алматы, Ғылым, 2002. – 368 б.
6. Н.Оралбаева. Сөзді қосымшасыз қолданудың сыры. Кітапта: Сөз өнері. – Алматы, 1978.
5. Ж.Балтабаева. Табыс септік формаларының қолданылуындағы ерекшеліктер. Кітапта: Қазіргі қазақ әдеби тілінің грамматикалық құрылымы. – Алматы, 1983. – 144 б.

#### Темирханова Айгерим Асқаровна

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Университеті

Филология факультеті КОК-11 тобының студенті

ms.aiko.02@mail.ru

Ғылыми жетекшісі:

фил. ғыл. канд.,

доцент Қазанбаева А.З.

#### ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЕРКЕЛЕТУ МӘНДІ СӨЗДЕРДІҢ СЕМАНТИКАСЫ

Адамға деген алғысы мен сезімін бір ауыз сөзбен жеткізген қазақтың кейбір сөздерін басқа тілге аудару мүмкін емес. Өйткені дәл қазақ секілді бір ауыз сөзбен жан тебіренісін немесе адамға деген махаббатын ешбір ұлт жеткізе алмаған. Соның бірі өзіміз ең көп қолданатын "айналайын" сөзі.

Ақын Олжас Сүлейменов "Айналайын" өлеңінде:

Айналайын – чудесное слово,

Жаль, что русский его не поймет,

Объяснить я готов ему снова,

Только бедно звучит перевод, – деген.

«Айналайын – мейірімділікке толы сөз» - деп пікір білдірген тарихшы-этнограф Құралай Сәрсембина сөздің төркіні тым тереңде жатыр дейді.

«Айналайын» сөзінің тамыры көне түркі дәуірінен бастау алған. Кәрі кісілер дертке шалдыққан жастарды аман алып қалу үшін, өздерін құрбандыққа атап, ауру адамды киіз үйдің ортасына жатқызып, қарт кісі үш рет айналып, есікке келгенде «айналайын» деп дауыстаған екен. Сонымен қатар «сенің жолыңда менің жаным құрбан» немесе «саған келген пәле маған болсын» деген ұғымды да тарихта кездестіруге болады, – дейді этнограф [1,4].

Қазақта бірқатар сөздерді қаратпа сөз ретінде қолданған. Соның бірі ананың көбіне ұлдарына қарата айтатын «шырағым» сөзі. Ол ер бала – болашақта үй иесі, шамшырағы, ошақтың отын

сөндірмей ұрпақ жалғасын табатын отбасының шырағы деген ұғымнан туған. Бірақ "шырағымды" ыңғайына қарай қаратпа сөз ретінде де қолдана береді. Мысалы: – Ал, шырағым, жақындай бере аттан неге түстіндер? – дейді Төле би қызға.

Сонымен қатар "шырақ" деген жанама атауды келіндер қайныларына да қойған, – дейді Құралай Сәрсембина.

"Қарағым" сөзінің табиғатына үңілсек, оның да өзіндік қолданыс ерекшелігі бар. Ал ең көп қолданыстағы әрі көне сөздердің бірі "қарағым". Ол "қарашық" сөзімен тарихи жағынан мағыналас. Көзімнің қарашығы деген мағынаны білдірсе керек-ті. Махмұд Қашқаридің "Диуани лұғат-ат-түрік" кітабының аудармасында "Ұлым саған айтайын өсиетін дананың, Білімдіні таны да, соңынан ер, қарағым" деген сөздерді кездестіруге болады. Соған қарағанда бұл сөздің ерте заманнан қолданып келе жатқанын білуге болады.

Халқымыз қашанда «төрт түліктің төресі» деп түйе жануарын қастерлеген. «Ботам», «ботақаным» деген сөзді жақсы көрмейтін, естімеген қазақ баласы жоқ. Ботаның өте нәзіктігінен, әдемілігінен болар, ежелден көшпенді қазақ халқы оларды ерекше жақсы көрген.

Асылында біз ата тектен көшпенді әрі отырықшы елміз, көшпенділігіміз басым. Сондықтан да бұрынғы қазақ балаларын «құлыным», «ботам», «қошақаным» деп еркелетіп, бойына даланың қасиетін сіңірген. Осы аталған сөздерде кие, қасиет бар. Талай ғасырлар бойына аузы дуалы абыз аталарымыз бен әз әжелеріміздің аузынан шыққан бұл атаулар дұға сияқты ең ізгілік қасиетін сіңіріп алғаны сонша, оны біз ұл-қызымызға айтып, еркелеткенімізде өзіміздің де жүрегіміз елжірейді, баланың да өн-бойына әсер етіп, көзге көрінбейтін қуатты дарытып жатамыз. Ата-бабамыз осындай сөздер арқылы ұлттық рухты, ұлттық қасиетті аманаттап кеткен.

Біз атаған еркелету сөздері өзге халықтарда некен-саяқ, жоққа тән. Біз бүгінде ата-бабамыз секілді атқа мінбейміз, олар ат үстінен түспеген. Алайда сол ат үстінен түспей өткен, «аттың ерінде, түйенің қомында» өскен, көшкен атам қазақтың аманаттаған сөздерін жадымыздан жоғалтпай, қолдана білсек, онда ұрпағымыздың бойына кішкене де болса асыл қасиет дарытамыз. Балаңызға (немере-жиен-шөбере т.б.) «құлыным» деп, қызыңызға «ботам, ботақаным» деп еркелетсек сөздің қуаты айқын көрінеді.

Жалпы қазақ тіліндегі еркелету мәнді сөздердің түрлерімен таныспыз, енді ең бастысы лексика-семантикалық қырынан зерттеп көрейік және бұл сөздерді басқа тілдегі еркелету мәнді сөздермен танымал әдістің бірі «салғастыру, салыстыру» арқылы қарастырып көрейік.

«Тіл – барлық элементтері бір бүтінді құрайтын жүйе, ал бір элементтің маңыздылығы тек басқалармен бірге қолданылғанда ғана анықталады», – деп алғаш пікір білдірген Ф. де Соссюр болды. [2,72]

Тілдің кез келген деңгейіндегі бірліктер, олардың құрылымдық-семантикалық, функционалдық, этномәдени, әлеуметтік лингвистикалық, психолінгвистикалық және басқа да ерекшеліктері лексика-семантикалық талдаудың нысаны бола алады. Жаһандану заманында мәдениет пен өнердің, саясат пен халықаралық қатынастың дамыған уақытында лексика-семантикалық ерекшеліктер тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі. Себебі тілдерді лексика-семантикалық тұрғыдан зерттеп қарастыру әр тілдің ұлттық ерекшелігін, олардың қайталанбас қасиетін танып білуге, сол тілдерді сөйлейтін ұлттардың болмысы мен тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүр ерекшеліктерін танып білуге мүмкіндік береді.

Осыған орай қазақ, ағылшын тілдеріндегі баланы еркелету сөздерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтары, қарама-қайшылықтарын және жасалу жолдарын салыстыра қарастырамыз.

Қазақ халқында «Балалы үй базар, баласыз үй қу мазар» деген мақал кеңінен қолданылады, оған қоса «еркелету» сөзінің өзі тек балаға жарасымды. Нәресте, бүлдіршін, яғни баланың табиғатына тән. Әрине қай халық, қай ұлт, қай этнос та болмасын сәби, бала біздің келешегіміз, ұрпағымызды кешегіміз бен бүгінгіміз және болашағымыз деп қарайтыны белгілі. Сондықтан да баланы еркелету, оған бар жақсыны, қоршаған ортамыздағы ең кереметті, сұлулықты, пәктікті, батылдық пен ержүректікті теңеу әр халықта өзінше беріледі. Ең негізгісі әр халықтың тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығына тән болуы да ғажап емес. Мысалы, қазақ халқының тұрмыс тіршілігі төрт түлік малмен байланысты болғандықтан да, осы түрт түліктің балаларына теңеуі әбден орынды: Қошақаным, Ботам, Құлыным, Құлыншағым, т.б. Әрине бауыр еті – баласын еркелетуде теңеулер де, әсірелеу немесе кішірейту мақсатында айтылатын сөздер қатары толып жатыр. Осы тұста қазақ, орыс, ағылшын мәдениетіндегі бала еркелету морфемаларына тоқтала кетсек. Теңеу мақсатында: Нар-дай, Арыстан-дай, Жолбарыс-тай, Қыран-дай, Сұңқар-дай, -дай-дей-тай-тей аффикстері арқылы бала еркелету тек сезім мен нәзіктік қана емес оған балаға деген сенім мен мақтанышын күшейтеді.

Бұл affикстер сәби шақтан асқан балаларға арналған. Баланы күшке теңеу арқылы еркелете, тәрбилеу мақсатында қолданылады. Әсерлеу және кішірейту мақсатында: Балапан-ым, Қошақан-ым, Ботақан-ым, Қозы-м, яғни -м-ым-ім affикстері арқылы бала еркелетуіндегі сезім, сүйіспеншілікті көрсетеді. Әсіресе баланың кішкентайлығын әсерлеп көрсетеді. Орыс тіліндегі еркелету мақсатындағы сөздер қазақ тіліне қарағанда өзгешелеу екенін келесі мысалдардан көруге болады. Мысалы: Как лев. Как орёл. Как тигр. Бұл сөздер теңеу мақсатында қолданылса, енді баланы еркелетудегі мына сөздер: Зайчик. Медвежонок. Кролик. Тигрёнок – бұл теңеулер қазақ тіліндегі кішірейту, әсерлеу мақсатындағы сөздеріне сәйкес келеді деуге болады.

Байқағанымыздай орыс тілінде негізінен еркелету формасын–с жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Тағы бір айта кететіні жұрнақтар дыбыстардың алмасуымен және сөздердің құрылымына қарай өзгеріп отырады. Ал ағылшын тілінде теңеу мақсатында: Like a lion. Like a horse. Әсірелеу және кішірейту мақсатында: Pet,tiger cub,elephant calf. Қазақ тіліндегі еркелету сөздерінің құрамына тоқталатын болсақ. Әр түрлі affикстер арқылы жасалған еркелету сөздері - Қазақ тілінде: –жан, -еке, -тай, -ш; тәуелдік жалғауымен: –м, (-ым, -ім,) анашым, әкетай, ағажан, әпкетай, қозы+м, бота+м, құлын+ым, балапан+ым күн+ім, ай+ым. Орыс тіліндегі құрылымы: ласкательно-уменьшительные суффиксы -оньк-, -еньк-, -онк-, -инк-, -енк-, -онок-, -ик, -очк, -ечк- котенок, котик, пупсик, зайчик, кнопик, масенька, гномик, зайка, козявочка ал, ағылшын тілінде: -ie, -y, -ling, -let homie (бауырым, достым), соокie (бәлішім), sweety (тәттім) , роокie (пупсик), cutie (сүйкімдім), dearie (асылым), shorty (кішкентайым), wifey (лапочка), manling (кішкентай адам) Сондай-ақ, өзге де тілдерден мысалдар келтіріп, талдаулар жасауға болады.

Салғастырмалы әдістің мақсаты да екі немесе одан да көп тілдер арасындағы ерекшеліктер, ұқсастықтар мен айырмашылықтарын айқындау мақсатында қолданады. Осы тұрғыда компоненттік талау әдісі – тілдегі әрбір бөлшектердің мәнінің семантикалық компоненттер жиынтығынан тұрып, тілдің сөздік құрамының мазмұнын бірнеше семантикалық белгілердің көмегімен анықтайтын ғылыми болжамға негізделген. Бұл әдіс лексика-семантикалық өрісті зерттегенде негізгі әдіс болып табылады. Өйткені, компоненттік талдау әдісі арқылы лексика-семантикалық өрістің құрылымын, сөздердің арасындағы байланыстарды айқындай аламыз.

Еркелету мәнді сөздердің семантикасы тілімізде айрықша мәнге ие деп айта аламыз. Еркелету мәнді сөздердің тілдік табиғатын ашу негізінде олардың қолданысын байқадық. Сүйіспеншілік, бір-бірімізге деген махаббат қарым-қатынастарының ажырамас бір бөлігі – нәзік мәнді еркелету сөздері. Бұл жастардың жүректеріне жылулық шақыратын, нәресте бойына өзіне деген сенімділікті арттыратын көптеген еркелету мәнді есімдер, формалар және жүрекке жылы тиетін сөздер. Әрқашанда бір-бірімізге мейірімділік танытып, жылы сөздер айта жүрсек айналамызға қуаныш сыйлап, сөз табиғатын тереңірек түсінеміз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ.Сәрсембина. Қазақ тілінің еркелету сөздерінің этимологиясы. <https://informburo.kz/kaz/azaty-alyssy-men-aryssy-aynalayyn-aryndas-t-b-szderd-etimologiyasy-anday.html>
2. Ф. де Соссюр. Қазақстанның ғылымы мен өмірі – Наука и жизнь Казахстана Science and life of Kazakhstan.
3. М. Шапийн «Айналайын сөзінің құдіреті» мақаласы. <https://marfugashapian.islam.kz/ru/post/ainalaiyn-sozinin-qudireti-5119/#gsc.tab=0>
4. М. Каркенов. Facebook парақшасы.
5. Қ. Бектаев. Қысқаша қазақша-орысша сөздік = Краткий казахско-русский словарь: 5500 сөз. – Алматы: Қазақ совет энцикл., 1992.
6. С.Д. Чабденова. Қазақша-ағылшынша, ағылшынша-қазақша сөздік Аруна, 2018.
7. М. Оразов. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан. 1991.